

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 қараша N 1705.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.19. N 808 қаулысымен. ~P020808

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу және оларға бақылау жасау жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 193 P990193_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 7, 55-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу және оларға бақылау жасау жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламада:

3 "ЖЖБА-ның таралуының алдын алу жөніндегі іс-шаралар" бөлімінде:

реттік нөмірі 3.1.5.- жолда:

2-бағанда "Заңның" деген сөз "мемлекеттік бағдарламаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-бағанда "2000 жылдың IV тоқсаны" деген сөздер "2001 жылдың екінші жартыжылдығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағанда "Заң жобасы" деген сөздер "Мемлекеттік бағдарлама жобасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) "Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 999 P990999_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 35, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында Әйелдердің

жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспарында:

М. Қыздар бөлімі бойынша іс-шаралардың жоспарында:

реттік нөмірі 1-жолда:

3-бағанда "Заңының" деген сөз "мемлекеттік бағдарламасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-бағанда "Заңның жобасы" деген сөздер "Мемлекеттік бағдарламаның жобасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-бағанда "1999 ж." деген сөздер "2001 жылдың екінші жартыжылдығы"
деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.